



Автор: Сарина Жанар Жайлыбаевна
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Менің Отаным - Қазақстан
Тақырып: Қасиетті мекенім

<p>Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):</p>	<p>4.1.5.1 өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзг 4.1.3.1 Шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің дамуын болжау, оның себебін түсіндіру 4.3.1.1 Оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру</p>
<p>Сабақтың мақсаты:</p>	<p>Барлық оқушылар жасай алады: • Оқушылар тақырыпқа сәйкес шығарма түрлерімен танысады. Шығарма мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмнен нақты ақпаратты табу мүмкіндігін қарастырады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі. Оқушылардың көбі жасай алады: • Әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) анықтауды жалғастырады Материалды өңдеу және тұжырым жасау мен себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсете алу әрекеттері жүйеленеді. Шығарманың құрылымын, әр түрлі стильде жазылған жұмыстарды жетілдіреді, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қатені табу және түзетудің жолдары қарастырылады. Оқушылардың кейбірі жасай алады: • Оқушыларды түрлі жанрадағы шығармалармен таныстыру арқылы Ұлы дала тарихы, Отаны туралы шежіре сырлары, Туған жердің табиғаты туралы ойларын ортаға салады. Бөлімде Отанға деген құрмет, сүйіспеншілік, қазақстандық патриотизм құндылықтарын қалыптастыру мақсаты қарастырылады</p>
<p>Тілдік мақсаттар:</p>	<p>Отан сөзін үш тілде айту</p>
<p>Күтілетін нәтиже:</p>	<p>Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.</p>
<p>Бағалау критерийлері:</p>	<p>Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады. Оқу мақсатына сәйкес дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, сын тұрғысынан бағалап, көз жүгіртіп оқу дағдылары жетілдіріледі.</p>
<p>Құндылықтарды дарыту:</p>	<p>Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.</p>

АКТ-ны қолдану дағдылары:	БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану; Дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу
Пәнаралық байланыс:	Сабақ барысында жаттығуларды орындау, сын есімді анықтауға арналған әдебиеттік оқу пәннен алған білімдерін пайдаланады.
Бастапқы білім:	Отан туралы өлең жыр оқимыз

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>«Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды 1-топ: «Алтын асықтар» 2-топ: «Күміс асықтар» 3-топ: «Қола асықтар» Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) (Т) «Пікіріңді айт» айдары бойынша топқа «Сен үшін өмірде не қымбат?» деген сұрақ жазылған қағаз беріледі. Әр оқушы өз ойын топқа айтып, жауабын қағазға жазып қояды.</p>	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Мағынаны тану кезеңі. (Ұ) «Түсініп оқы» айдары «Аялдамамен оқу» әдісі бойынша жүзеге асады. «Ақдауыл хан» мәтіні оқылып, оқу барысында аялдамалар жасау арқылы мәтінді бөлімдерге бөлуге әзірлік жүргізіледі. (Мұғалім өзі оқыса да немесе оқушыларға оқытуына да болады. «Оңай, қиын сұрақтар» қою арқылы мәтін мазмұнына талдау жасатады). (Т) «Болжа» айдары «Болжау» әдісі арқылы жүргізіледі. Оқушыларға төмендегі сұрақтарды талдау ұсынылады: 1. Оқиға өте ертеректе болғанын қалай болжауға болады? 2. Ақдауыл хан Тозғантәуға барғанда жағдайы қалай өзгеруі мүмкін? 3. Тақырыпқа қарап мәтіннің соңын қалай болжар едің? Саралау: Берілген сұрақтар барлық оқушыларға беріледі. Тиімділігі: Оқушылардың болжауының нақты жауаппен дөп келуі емес, ең бастысы, олардың тақырып бойынша белсенді түрде ой қозғауы екендігін естен шығармай, оқушылардың өз пікірі сынға түспейтіндігіне кепіл болу. ҚБ: Мұғалімнің қолдау сөздері. (Ұ) «Жаңа сөздер сандығы» айдары бойынша оқушылардың мәтін бойынша түсінбеген сөздерінің мағынасын топ ішінде талдап, түсініктеме жасауларына ықпал ету. Қаймығу – сескену, қорқу Тамыршы, дәруіш – емші Хан көтеру – хан сайлау Ат ізін салмау – бармай, көрмей кету Зауқы соқпау – көңілі соқпау Ат жалында ұзақ жыл түн қату – ұзақ уақыт ат үстінде, жорықта болу (ЖЖ) Ханның туған жерін көргендегі сезімі жайлы өз болжамдарын жұпта талдап, ұжымға жариялайды</p> <p>Дескрипторы: 1. Әр оқушы өз болжамын ортаға салады 2. Ортақ қорытынды шығарады ҚБ: «Ду қол шапалақ» әдісі. (Т) Әр топ «Композиция», «Сюжетті шығарма» анықтамасымен танысып, мәтінмен байланыстырады. Композиция-көркем шығарманың құрылысы. Оқиғалы шығарманы сюжетті шығарма деп атайды. композиция сюжетпен тығыз байланысты. «Ақдауыл хан» ертегісінің құрылысы: 1. сюжеттің басталуы 2. Дамуы 3. Шиеленісуі 4. Шарықтау шегі 5. Аяқталуы 1. Ханның ауырып қалуы 2. Ханның ем іздеуі 3. Ханның ашулануы 4. Ханның туған жеріне сапары 5. Ханның ауруынан жазылуы (Т) «Туғанжер» бейнебаянын тамашалап, туған жердің басқа жақтан артықшылығы туралы айтады. (Т) «Бағала» айдары бойынша: а) «Ханның әрекетіне қарап, оны қандай адам деп ойлайсың? Сен үшін «Не қымбат?» деген пікірдің ең бастылары қайсысы?» деген сұрақтар арқылы ханның әрекетіне баға береді. Не қымбат деп есептейтіндерін топта тізіп айтады. Сол пікірдің ішінен ең басты деп есептейтіндерін белгілейді. Әр топтың пікіріне баға береді. Дескрипторы: Сұрақтарға белсенді жауап береді. ҚБ: Мұғалімнің қолдау сөздері арқылы жүзеге асады.</p>	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланысты орнату. Белсенді оқу тапсырмалары.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану Білімді бекіту: Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін. Ойтолғаныс (МК) «Не қымбат?» деген бастапқы пікіріңнен не өзгерді? – деген сұрақ төңірегінде ойланып, соңғы ойларын да қағаз бетіне түсіреді. Дескрипторы: Өз пікірін дәлелдермен негіздейді. ҚБ: «Оң көрші» әдісі арқылы жұптық бағалау жүзеге асады. Рефлексия. Сөйлемді толықтыр: Маған ...ұнады. Мені ... таңғалдырды. Мен ... болғым келеді. Үй тапсырмасы: Ертегі мазмұны бойынша жоспар құрап жаз. Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.</p>	Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс «Жұлдыздар шеруі» әдісі тапсырмалары арқылы білдіре алады
Рефлексия	<p>Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі.</p>	